

Қарабаев Ш.К

**ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ КОММУНИКАЦИЯ РЕТІНДЕ БАҚ-дың
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОРНЫ**

Қарабаев Ш. К.

**СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ КОММУНИКАЦИИ В КАЧЕСТВЕ СМИ КАК
ОСНОВА В РАЗВИТИИ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА**

УДК: 316.323 (574.2)

Азаматтық қоғамның дамуы белгілі дәрежеде коммуникациялық жүйенің қалыптасуымен байланысты. Коммуникация әлеуметтік жүйелер арасында рәміздер, белгілер мен бейнелер арқылы ақпараттың айырбасын білдіреді. Коммуникациялық байланыстарсыз әлеуметтік топтар, ұйымдар мен институттардың тіршілік етуі мүмкін емес. Коммуникативті үдерістер қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтиытын болады. Коммуникация әлеуметтіліктің ажырағысыз бөлшегі. Адамның қалыптасуы қарым-қатынасқа қабілеттіліктің болуымен анықталады.

Коммуникативті үдеріс барлық әлеуметтік жүйелердің қалыптасуы, дамуы мен қызмет атқаруының қажетті алғы шарты болып табылады. Себебі әлеуметтік коммуникация адамдар мен қауымдар аралығында байланысты қамтамасыз етеді, ұрпақтар араларында байланысты, әлеуметтік тәжірибені жинау мен табыс етуге, оны байытуға, еңбек бөлінісін және оның өнімін айыр-бастауға, бірлесіп қызмет етуді ұйымдастыруға, мәдениетті таратуға мүмкіндік береді. Нақ коммуникация арқылы басқару жүзеге асырылатын болады, өйткені ол қоғамда биліктің шығуы мен іске асырудың тетігі болып танылады.

Адамдардың кез келген қатынастарына ақпараттық ағындар ілесіп жүреді. Ол тіл, бейнелеу, еліктеу арқылы тарайды. Алғашқы қауымда адам ақпаратты азсанды, құрамы анықталған белгілі топтан алатын. Қоныс орындары кіші-гірім, адамдары таныс, топтың құрамы тұрақты, ұрпақтан ұрпаққа бұл мұраға өтетін болғандықтан, оның мүшелерінің арасында дүниеге көзқарасы, құндылықтар, жүріс-тұрыс мөлшерлері, өмір мәні жөнінде ортақ түсініктер қалыптасады. Сол себептен адамға жететін ақпарат бір текті және реттелгендіктен оған адамдардың эсерлесуі қазіргіден басқаша, бір мағыналы болады.

Кез келген мәдениет тұрпаттарын жасаушылар әлеуметтік себептелген коммуникациялық үдеріске қатысады. Қоғамдағы осындай өзара әрекеттесу тұрпаты "әлеуметтік-мәдени коммуникация" терминімен белгіленеді. Әлеуметтік-мәдени қатынастар барысында әлеуметтік байланыстардың қалыптасуы, адамдардың бірлескен тіршілік әрекетін басқару және олардың жеке салаларын реттеу, әлеуметтік тәжірибені жинақтау мен тапсыруды қамтамасыз ету мүмкін болады. Адамдар, олардың топтары, ұйымдар, мемлекеттер мен мәдениеттер араларындағы коммуникациялық қатынас барысында арнаулы белгілер айырбасы түрінде жүзеге асырылады. Шартты таңбаларда қатынас жасау-

шылардың ойлары, идеялары, білімдері, тәжірибелері, дағдылары, құндылықты ұстанымдары бейнеленеді. Рәміздер ретінде сөздерді, суреттерді, таңбаларды т. б. пайдаланады.

К. Ясперс коммуникация мәселесін экзистенция, еркіндік пен ақиқат мәсе-лесімен тығыз байланыста қарастырады. Экзистенцияның қалыптасуы мен көрінуі тек қана адамдардың бір-бірімен коммуникация үдерісінде - басқа адамдармен қарым-қатынастарында жүзеге асырылады. Адамның тіршілік етуінің терең мән-мағынасы коммуникация арқылы ашылатын болады. Демек, адамның толық тіршілік етуінің өзі қарым-қатынас жасау арқылы мүмкін болады.

М. Хайдеггер коммуникация мәселесін түсіндіруді тіл арқылы бейнеле-нетін адамдардың бір бірімен диалогтасын қолданады. Адам болмыстың ақи-қатын және өзінің мән-мағынасын басқа адамдармен тілді қолдану, әңгімелесу арқылы иелене алады. Адамды осындай өзара қарым-қатынаста болмыстың мәнін жете түсініп алуы толғандырады. Оны орындау үшін тіл басты қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқарады. Адамның тіршілік жасауы бастап-қыдан қатынас құралы ретінде тілден тыс болуы мүмкін емес еді.

Сөйтіп адамдардың тіршілік жасауының мәні басқалармен қарым-қатынаста анықталатын болады. Коммуникациялық қатынаста субъект субъектіге араласады, бірге қатысуға тартылады. Бұл махаббат, сенім, жауапкершілік сияқты сезімге қаныққан коммуникацияның интерсубъективтілігін білдіреді.

Ю. Хабермас - метапарадигмалық коммуникативті әрекет теориясын жа-саушы. Ол қоғамды, бір жағынан, жүйе, екінші жағынан, өмірлік дүние жөнінде түсінікпен талдайды. Коммуникативті әрекет қоғамды өмірлік дүние ре-тінде қайта өндіреді. Жүйе мен өмірлік дүние бір-бірімен ажырағысыз байланыстырылған және бір-біріне тәуелді. Жүйе коммуникативті әрекеттің "ма-териалды негізін" - қорларды және мақсатты-парасатты әрекеттің нәтижелерін тиімді пайдалану арқылы қамтамасыз етеді. Өмірлік дүние мақсатты-пара-сатты әрекеттің дәлелдемесін адамдар объектілер мен жағдаяттарға мәндер беру арқылы оларға бағытталып, мәдени, әлеуметтік және жеке мақсаттарды таңдап, жарамды мақсаттар мен құралдардың ара қатысы қамтамасыз етіледі. Алайда қазіргі әлемде, Хабермасын пайымдауынша, жүйе мен өмірлік дүние-нің арасындағы тепе-теңдік бұзылған, әлеуметтік жүйенің құрылымдары жекеліктердің өмірлік дүниесін

"отарлап" алған. Ал бұл адамдардың табиғи қарым-қатынастар коммуникациясына кедергілер жасайды.

Қазіргі дүниенің негіздерінің құрылымдық өзгерістері оның әралуанды-ғымен ғана байланысты емес, бұл капиталистік экономиканың және саяси жүйенің функционалды талаптарына тәуелді. «Капиталистік даму ақшалай-кеңсе-шілдік кешенінің, ең бастысы, кеңеюі мен тығыздалу салдарынан өмірлік дүниеде жанжалдарды қоздыратын болады... Өмірлік дүниенің рәміздік қайта өн-діруінің қызмет атқаруына қауіп-қатер төнгенсон, ол табан тірескен қарсылық көрсетеді және өзі мен жүйе араларында майдан шегін табыспен ұстап қала-ды» [1, с. 365]. Бұл қазіргі тәуекелдердің ұдайы өндірілуінің маңызды мәнді жәйті

Қазақстан Республикасының Конституциясында (20 бап) "Сөз бен шығар-машылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады". Әйтсе де сөз бостандығы, БАҚ-тың тәуелсіздігі шексіз емес. Бұқаралық ақпарат қдоал-дары жеке мүдделердің жетегінде жүрмеуі керек. Ал нарық қатынастары ке-зінде жеке БАҚ-ты үстем биліктің немесе саяси ұйымдардың, қаржылық-экономикалық топтардың мүдделерін қорғаушыға айналған, өйткені құрыл-тайшыларға, иелеріне тәуелді. Сондықтан журналистердің ар-ождан жауап-кершілігін қалыптастыру азаматтық қоғамның белсенділігіне де тәуелді.

БАҚ-тың азаматтық қоғам институты ретінде мүмкіндігі біртіндеп демо-кратияландыру үдерісінің дамуымен бірге артып келеді. Алғашқы жылдары БАҚ-тың еркіндігін шектейтін объективті және субъективті жағдайлар басым болды. БАҚ заңын бұрмалау да, тікелей журналистерді қудалау, зорлық-зомбылық орын алды. Сондықтан БАҚ туралы заңды жетілдіру мәселесі тұрақты қойылып келді.

2001 және 2005 жж. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" заңға кезекті түзетулер енгізілді. Бұлар БАҚ саласындағы қатынастарды одан әрі ретке кел-тіру мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталды. Орыстілді теле-арналар шетелдік бағдарламаларды 20%-н шектеуге байбалам салды. Бірақ ка-зіргі қолданыстағы заңның қазақ пен орыс тілдеріндегі хабарлардың елу де елу талабы орындалмай келді. Орыстілді арналар заңның шикілігін пайдаланып, қазақ тіліндегі бағдарламаларды түнгі сағаттарға қойып, көрерменнің құқын бұзды. 2009 ж. заңға түзетуі бойынша алты сағат сайын бағдарламалардың кес-тесінде қазақ тілінде хабарлардың болу талабы қойылды. Бірақ бұл жеткіліксіз, қатал жазалау шараларын қолданусыз оның тиімділігі төмен болмақ.

Жалпы бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның демократиялану үрдісі аясында дамып келеді. Журналистер қашанда көптің көзі, бұқараның құлағы болып қалу мақсатын қоғамның саяси мәдениетінің жетілуіне сәйкес орындап келеді. Алғашқы жылдары арам пиғылды журналистер, ғалымдар басылым-дарда өзекті мәселелерді өзіншілдік тұрғыдан, демократияның, жариялылық-тың мән-мағынасын бұрмалап, тәуелсіздіктің болашағына күмәнмен қарап, биліктің беделін түсіріп, отаршылдықтың салдарларын мойындамай, ұлтара-лық нәзік қатынастарға сына қағып, бұқара көпшіліктің санасына белсенді ықпал жасамақ болды. Объективті жағдайлармен санаспай құр байбалам салу-шы, арзанқол басылымдар қоғамның алдындағы азаматтық жауапкершілігінің, кәсіби әдептілігінің жоқтығын білдіріп алады. Сондықтан әр басылым иесінің және журналистердің азаматтық ұстанымы мен кәсіби жауапкершілігі қалып-таспай, азаматтық қоғамның дамуы шектелетін болады.

Демек, БАҚ-тар беретін жан-жақты ақпарат экономикалық, саяси, құқық-тық, мәдени өмір туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруға, азаматтық сананы, азаматтық мәдениетті жетілдіруге, билікке демократиялық бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ең маңыздысы, жалпы азаматтық, демократиялық, құқықтық құндылықтарды бұқаралық санаға ендіру үдерісі азаматтық қоғам-ның тұрақты орнығуын анықтайды.

Дегенмен, тәуелсіздік жылдары азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал жасаушы мәнді жәйт - БАҚтар, 1-ден, сөз бостандығын, пікір әралуандығын орнықтырды. 2-ден, қоғам өмірінің тіршілік тынысын жан-жақты көрсету, оның жетістіктері және келеңсіздіктерімен таныстыру арқылы қоғамдық пікір-дің қалыптасуын анықтады. 3-ден, еркін баспасөздің және телеарналардың ықпалымен, азаматтық қоғамның институттары, оның экономикалық, саяси-құқықтық негіздері қалыптасты. 4-ден, ұлттық құндылықтардың жаңғыруы мен мемлекеттік тілдің орнығуында қазақ тілді БАҚ-тар зор рөл атқарды. 5-ден, көпәтникалық және көп конфессиялық қауымдастықтың жалпы. Қазақстандық өзін-өзі ұқсастыру үдерісін тиімді жүзеге асыруда БАҚ-дың еңбегі мен ықпалы зор.

Әдебиет тізімі:

1. Хабермас Ю. Отношения между системой и жизненным миром в условиях позднего капитализма // Теоретическая социология Антология: В 2-х ч. М.: Книжный дом «Уни-верситет», 2002. 4.2.

Рецензент: д.соц.н., профессор Исаев К.И.